



Мереке



АГРАРЛЫҚ САЛА ҮЗДІКТЕРІ

Ақтөбеде Ауыл шаруашылығы қызметкерлері күніне арналған салтанатты жиын өтті. Оған сала қызметкерлері мен ардагерлері жиналды.

Жиналғандар әуелі Өнер орталығының фойесінде ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерінің көрмесін тамашалады. Көрмеге қойылған өнімнің бәрі «Ауыл аманаты» жобасы аясында өндірілген. Мұнда еттен жасалған түрлі тағам мен сүттен жасалған сан алуан өнім, жеміс-жидектерден жасалған тосап түрлері қойылған, өсімдік өсіру тәсілі мен аграрлық сала мамандарына қажетті құрал-жабдықтар да таныстырылды.

Мерекелік іс-шарада облыс әкімі Асхат Шахаров сала қызметкерлері мен ардагерлерін құттықтап, олардың аграрлық секторды дамытуға қосқан үлесін жоғары бағалады.

— Аграрлық сала — халықтың өмір сапасына тікелей әсер ететін экономиканың негізгі секторы. Ауыл еңбеккерлері азық-түлік қауіпсіздігі мен өңірдің дамуына зор үлес қосуда. Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев ауыл шаруашылығы қызметкерлерінің екінші форумында атап өткендей, өз ісіне тиянақты, жауапкершілігі жоғары, адал азаматтар қашанда табысқа жетеді. Бүгінде ауылда жұмыс істеп жүрген мамандар заман талабына сай білімді, тәжірибелі әрі еңбекқор. Олар — ауылдың болашағын қалыптастырып жатқан нағыз патриоттар. Саланы мемлекеттік қолдау артып келеді. Тек биылдың өзінде субсидияларға 15 миллиард теңге, көктемгі егіске 5,9 миллиард теңге жеңілдетілген несие бағытталды. Біз заманауи технологияларды енгізуді жалғастырып, шаруашылықтардың тұрақты

жұмыс істеуі мен ауыл шаруашылығы қызметкерлерінің әл-ауқатын арттыруға жағдай жасал келеміз, — деді облыс әкімі.

Саланы жаңғырту тақырыбын жалғастыра отырып, Асхат Шахаров ауыл шаруашылығына озық технология мен инновациялық тәсілдерді енгізу жөнінде сөз етті. Атап айтқанда, ол «KazFeltex» компаниясының қой жүнін терең өңдейтін Қазақстандағы алғашқы цехының іске қосылғанын, оның жылына 2 500 тоннаға дейін жүн өңдеп, өнеркәсіптің түрлі саласы үшін асортименті мол өнім шығара алатынын алға тартты. Облыс әкімі «Степное» ЖШС директоры Аманғос Төлеуовті ерекше атап өтті. Мемлекет басшысының Жарлығымен оған «Қазақстанның Еңбек Ері» атағы берілді. Бұл — өңіріміздің ауыл шаруашылығы саласындағы тынымсыз еңбегі мен жетістіктерінің жарқын дәлелі.

Салтанатты іс-шара барысында облыс әкімі ауыл шаруашылығының үздік қызметкерлеріне мемлекеттік наградалар табыстады. Өйтсеке би ауданындағы «Томирис» ауыл шаруашылығы өндірістік кооперативінің төрағасы Жолмұрат Орынбай — «Құрмет» орденімен, «Жаңажол» ЖШС директоры Сұлтанғали Мамитов, «Айс» ЖШС бас инженері Иван Золотарев, «Ақ тілек» шаруа қожалығының бригадирі Серікқали Исламов — III дәрежелі «Еңбек Даңқы» орденімен, ал «Рассвет» шаруа қожалығының механизаторы Сергей Горобец пен «Алтынсарино» ЖШС бухгалтері Джаверт Бермағанбетов «Ерен еңбегі үшін» медалімен наградталды.

Сонымен қатар тағы бірқатар сала қызметкері Премьер-Министрдің Алғыс хатын, «Еңбек ардагері» медалін, «Ауыл шаруашылығы саласының үздігі» төсбелгісін, Ауыл шаруашылығы

министрлігінің Құрмет грамоталарын, сондай-ақ облыс әкімінің Алғыс хатын иеленді.

Марапаттау рәсімінен кейін «Степное» ЖШС директоры, Қазақстанның Еңбек Ері Аманғос Төлеуов сөз сөйледі. Ол ел Президентіне аграрлық салаға көрсеткен қолдауы үшін алғыс айтып, жетістік еңбеккерлердің ерен еңбегінің нәтижесі екенін айрықша атап өтті.

— Көрсетіліп жатқан қолдау сала үшін жаңа мүмкіндіктерге жол ашып, ауыл шаруашылығының қарқынды дамуына тың серпін беруде. Бүгінде аграрлық сектор жаңарып, озық технологиялар енгізіліп, тиімді тәсілдер қолданыла бастады. Бұл өзгерістердің нәтижелі болуы, ең алдымен, сіздердің біліктіліктеріңіз бен тынымсыз еңбектеріңіздің арқасы. Тер төгіп, адал еңбегімен ауылдың әл-ауқатын көтеріп жүрген сіздердей азаматтар барда еліміздің еңсесі әрдайым биік боларына сенім мол. Табиғаттың тосын мінезіне төтеп беріп, аптап ыстықта да, күздің қара жауынында да тыным таппай еңбек етіп, жерге дән сеуіп, мал бағып, халық несібесін арттырып жүрген барша еңбек адамдарына шынайы ризашылығымді білдіремін, — деді ол.

Аманғос Төлеуов еңбек жолын Қарғалы ауданындағы Чапаев атындағы ұжымшарда бас зоотехник болып бастаған. Кейін «XVIII Партьезд» кеңшарында бас зоотехник қызметін атқарды. 1998 жылдан бері Қарғалы ауданындағы «Степной» ұжымын басқарып келеді. Заңымымен бірге екі ұл мен бір қыз тәрбиелеп өсірді, бүгінде сүйікті ата-әже атанып, сегіз немеренің шаттығына бөленіп отыр. Ол — экономика ғылымдарының кандидаты, «Отан», «Құрмет», «Құрмет белгісі», сондай-ақ III дәрежелі «Әулие Даниил Московский» ордені секілдi көптеген марапаттың иегері. Былтыр ол көктемгі су тасқынынан зардап шеккен шаруаларға алғашқылардың бірі болып қолдау көрсетіп, 100 бас мал және 400 тонна тұқым бөлген еді.

Астана қаласында өткен ауыл шаруашылығы қызметкерлерінің екінші форумында лайықты марапатқа ие болғандардың бірі — «Құрмет» орденінің иегері, Өйтеке би ауданындағы «Құмқұдық» ЖШС директоры Александр Чмоданов. Белгілі фермерге бұл марапатты Президент Қасым-Жомарт Тоқаев табыстады. Бұл салаға жарты ғасыр өмірін арнаған тәжірибелі агрономның 26 жыл бойы басшылық жасап келе жатқан шаруашылығы бүгінде облыстағы алдыңғы қатарлы агроқұрылымның бірі. Ауыл шаруашылығы басқармасының мәліметінше, «Құмқұдық» — өңірдегі элиталық тұқым шаруашылығымен айналысатын жалғыз кәсіпорын. Онда бірінші, екінші және үшінші репродукциялы тұқым өсіріледі. Осы арқылы серіктестік аймақтағы диқандарды сапалы тұқыммен қамтамасыз етуге зор үлес қосып отыр.

— Кәсіпорынның техника паркі өте қуатты. Бізде түрлі маркада 143 ауыл шаруашылығы техникасы бар. Бүгінде 1 396 асылтұқымды ірі қара және 515 жылқы өсіріліп жатыр. 2022 жылы мың малға арналған бордақылау алаңы салынып, іске қосылды, — дейді орден иегері. Александр Чмоданов басқаратын серіктестік Өйтеке би ауданының Құмқұдық ауылдық округінің әлеуметтік-экономикалық дамуына да елеулі үлес қосуда. Кәсіпорын ауылдастарына тұрақты түрде көмек көрсетіп, жалғызбасты қарттарға, тұрмысы нашар және көпбалалы отбасыларға қолдау білдіріп келеді.

Марапаттау рәсімінен соң мереке иелері Ғ.Жұбанова атындағы облыстық филармонияның өнер ұжымдарының концертін тамашалады.

Айнұр ИЛІЯСҚЫЗЫ.

БАҚ

«АҚТӨБЕ» ТЕЛЕАРНАСЫНЫҢ БЕЛЕСІ

«Ақтөбе» телеарнасының 65 жылдығына арналған мерейтойлық шара аталып өтті. Телеарна ұжымын облыс әкімі Асхат Шахаров құттықтап барды.

— «Ақтөбе» телеарнасы алғаш құрылған күннен бастап халыққа қызмет етуді маңызды миссиясына айналдырып, міндетін абыроймен атқарып келеді. Телеарна бағдарламаларынан замана тынысын ғана емес, төл мәдениетіміздің асыл құндылықтарыын жан жұрттымыздың бүкіл бітім-болмысын көруге болады. 65 жылдың ішінде телеарна түрлі кезеңдерден өтті. Қоғамдағы өзгерістер, саяси реформалар,



елдің дамуы мен өңірдің өркендеуі телеарна эфирінен кеңінен көрініс тапты. Телеарна — облыс тарихын кадрға жазған ең сенімді шежіреші, — деді Асхат Шахаров.

«Еңбек ардагері» медалі зейнеткер режиссер Қаршыға Айтқұлов пен зейнеткер инженер Қанықұл Нұралиеваға табысталды. «Ақпарат саласының үздігі» төсбелгісі жаңалықтар бөлімінің тәжірибелі мамандарына — Владимир Федотов пен Гүлдана Абайқызына берілді. Сонымен қатар облыс әкімінің Алғыс хатымен бірқатар қызметкер марапатталды.

Өз тілшіміз.

өңір басшысы Асхат Шахаров АЭ-А дамытудың стратегиясын әзірлеу бойынша жол картасын жасауды тапсырды.

— «Ақтөбе» арнайы экономикалық аймағы — өңірдің ұзақ мерзімді экономикалық дамуын қамтамасыз етуге бағытталған стратегиялық маңызы бар жоба. Жоспарланған шараларды жүзеге асыру маңызды инвестициялар тартуға, жаңа өндірістер ашуға, жұмыс орындарымен қамтамасыз етуге және облыстың өнеркәсіптік әлеуетін нығайтуға мүмкіндік береді. Әрбір салалық басқарма қойылған міндеттердің сапалы әрі уақтылы орындалуын қамтамасыз етуге тиіс, — деді облыс әкімі.

Сондай-ақ ол жобалық-сметалық құжаттаманы әзірлеу мерзімдерін нақты бекітуді және олардың бұзылуына жол бермеуді, сондай-ақ инвесторлармен алдын ала келіссөздерді жеделдетуді тапсырды.

Д.ҚАЗИХАН.

ЖАСТАР ЖӘНЕ ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР



ЗАҢ МЕН ТӘРТІП

Қайыңсіз Қазақстан үшін!

Қоғамда өз орны бар, әр салада табысқа жеткен азаматтардың өмір жолын үлгі ету арқылы жастарды тандылыққа, білім мен еңбекке баулып, патриотты және белсенді азамат ретінде қалыптастыру, жастардың саналы тандау жасауына жол ашу, оларды зиянды әдеттерден сақтандыру мақсатында өткізілген кездесуде спикерлер өз тәжірибелерімен бөлісті.

Өңір басшысы Асхат Шахаров «Тәуелсіздік пен отаншылдық» тақырыбында сөз сөйлеп, жастарды ел тағдырына бейжай қарамауға, тәуелсіздіктің құндылығын терең түсініп, мемлекеттің дамуына үлес қосатын белсенді буын болуға шақырды.

— Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев алдымызға идеологиялық бағыттағы нақты тапсырмалар қойған болатын, бүгінде өңірде барлық салада бұл бағытта жұмыс жүргізіліп жатыр. Соның ішінде ең маңыздысы — жастармен жұмыс. Жылдың басында жастар саясаты мәселелері басқармасы құрылған болатын. Бүгінде жастарға қатысты

иешімді ой елегінен өткізу, әр әрекетке жауапкершіліктен қарау — болашаққа барар жол. Жастар — қоғамның қозғаушы күші. Біз бірірімізді қолдап, жаңа заманның мүмкіндіктерін дұрыс пайдалансақ, үлкен жетістікке жетеміз. Бүгінгі кездесу сіздерге жаңа серпін, жаңа ой береді деп сенемін, — деді облыс әкімі.

Жастарға өз тәжірибесі туралы айтқан Yandex Kazakhstan GR директоры Мейірбек Мұқатов өмір бойы білім алу қажеттігін, бүгінгі мүмкіндіктерді тиімді пайдалану керектігін алға тартты.

— Диплом алу маңызды, бірақ ол білім мен табысқа кепілдік бермейді. Сондықтан білім алуды үздіксіз жалғастыра беріңіздер. Егер сен оқымасаң, артта қаласың, елің де артта қалады. Сондықтан әрқашан ізденіп, білім алуды тоқтатпаңыздар, армандарыңызға жету үшін бар мүмкіндікті пайдаланыңыздар, — деген М.Мұқатов жастарға жетістікке жету үшін қажетті дағдыларды айтты, олар— арман мен адал еңбек, жетістікке жеткен адамдардан



діни сауаттылық, бос уақытты тиімді пайдалану, болашақ мамандық таңдау және кәсіби бағдар беру сынды түрлі мәселелер айтылып, сарапшылар мен мамандар жан-жақты талқылау жүргізеді. Сол арқылы жақсы нәтижелерге қол жеткізетінімізге сенімім мол, — деді өңір басшысы.

Асхат Шахаров бүгінгі жастар — ертеңгі ел тірегі екенін айтып, олардың алдында түрлі мүмкіндіктерпен қоса, сынақтар да болуы ықтималдығын тілге тиек етті. Еліміз үшін ең маңызды құндылық тәуелсіздік пен отандылық екенін, жастардың міндеті егемендігімізді сақтап қана қоймай, оны нығайту, елді дамыту екендігін айтты.

— Отанға қызмет ету дегеніміз тек әскери борышпен шектелмейді. Ол, ең алдымен, білім алу, бәсекеге қабілетті болу, еңбектену, әділдік пен жауапкершілік таныту. Өзімнің өмір жолымда да осы құндылықтарды бірініші орынға қоямын. Отбасымынан алған тәлім — адал еңбек, әділ иешім қабылдау, ешкімге қиянат жасамау. Әкем өмір бойы қара жұмыс істеді, механизатор болды, жастайымнан еңбекке баулыды. Анамыз медбике болып еңбек етті. Осындай қандайым отбасында өстім, бірақ, ең бастысы, ата-анамыз ұлттық құндылықтарды сақтау, қоғамға қызмет ету парыз екенін, ертеңгі күнге сеніммен қарау керекін ұқтырды. Сенім болса, адал қызмет арқылы барлық мақсатқа қол жеткізуге болады. Жастардың алдында мүмкіндік көп. Біздің арамыздан шыққан Димаш сияқты таланттар әлемге танылып жатыр. Сол секілді сіздердің араларыңызда да талай дарынды, алғыр жастар өсіп келеді. Сіздерге айтпағым, еңбек етіндер, білім алыңдар, елге қызмет етіңдер. Болашақ сендердің қолдарыңда! — деген облыс әкімі отанды сүю, ең алдымен өзің өмір сүретін ортада тәртіп пен тазалық сақтаудан басталатынын айтты. Елімізде жастарға сапалы білім алуға, өз қалауынша мамандық таңдауға, кәсіби білім мен біліктілігін арттыруға мүмкіндік мол. Соларды тиімді пайдалану керектігі айтылды.

— Өмірдің әр кезеңінде күмән, қиындық, тоқырау болуы мүмкін. Бірақ сенімдеріңізді жоғалтпаңыздар. Сенімді адам ғана бікке жетеді. Жастардың жетістігі — елдің жетістігі. Бәрімізді біріктіретін нәрсе — еліміздің болашағы. Болашақ қандай болса, біз де сондай өмір кешеміз. Сондықтан белдітіліп, тұрақтылық, бірлік бәрінен қымбат.

Білім — ең үлкен қару. Әрбір

ақыл-кеңес сұрау, солардан үлгі алу, үлкен мақсат қояуға, қателік жасауға қорықпау, жаңа технологияларды меңгеру, атақ, байлыққа қызықпай, жауапкершіліктен қызмет ету, қайда жүрсе де елге қызмет ету.

«Заң мен тәртіп» тақырыбында сөз алған Ақтөбе облысы прокуратурының бірінші орынбасары Талғат Өлібаев құқықтық мәдениет пен заңды құрметтеу әр азаматтың басты міндеті екенін түсіндіріп, жастарды тәртіпке, әділдікке және жауапкершілікке шақырды. Актер Дәурен Серғазин «Әділдік пен жауапкершілік» тақырыбында сөз сөйлеп, адамның құндылықтар, әділдік пен адалдықтың өмірдегі ролі туралы ойымен бөлісті. «Әр адам өз өміріне деген жауапкершілікті өз қолына алуы керек. Әркім өзінен бастаса, онда біз салауатты, әділ және саналы қоғам құрамыз», — деді ол.

Халықаралық Heriot-Watt университетінің 3-курс студенті Аида Қадыр бірлік және ынтымақ тәжірибесінде сөз қозғап, қоғамдағы бірлік пен өзара қолдаудың, толеранттықтың маңызды екенін айтты.

— Мен құлпытты отбасының өкілімін: анам — қазақ, әкем — гагауз. Кішкентай кезімнен ата-анам маған тілге деген сүйіспеншілік — отанға деген сүйіспеншілік екенін айттыл өсірді. Қазіргі таңда «Сөйле» тілбесу клубының жетекшісімін. Клубымыздың мақсаты — тұрғындарға қазақ тілін тегін үйрету, тіл арқылы адамдар арасында сенімді көпір орнату, — деді ол.

Ақтөбе жоғары политехникалық колледжінің бөлім меңгерушісі, «Шапағат» орденінің иегері Дархан Шанбаев «Еңбекқорлық және кәсіби біліктілік» тақырыбында сөз сөйлеп, жастарға мамандықты игеру, үздіксіз дамуға мақсат ету және еңбекқор болудың тұлға қалыптастырудағы рөл жайлы айтты.

— Жетістік — бір күннің жемісі емес, жылдар бойы төгілген маңдай тердің нәтижесі. Осыдан 2 жыл бұрын Германия мен Францияның өндіріс орындарында тағылымдамадан өтіп жүркенде, сол жақта 60 жастағы инженермен таныстым. Ол күні бойы жұмыс істеп, кешке он-лайн курстың аяқталуын екен. «Сізге бұл не үшін керек, тәжірибеніз жеткілікті ғой?» деп сұрағанымда: «Білім — зейнет жасына дейін емес, өмір бойы қажет нәрсе» деді. Міне, кәсіби біліктілік деген осы — үнемі іздену, үнемі жаңару, үнемі өз ісінді жетілдіру, — деді ол.

Кездесу соңында әнші Ерболат Құдайбергеновтің орындауындағы «Мен қазақпын» әні шырақалды.

Мейрамгүл РАХАТҚЫЗЫ.